



МҰРАТ ҚАЗАЛЫ

№4
(2175)
Сенбі
13 қаңтар
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДА МӘДЕНИЕТ ҮЙІ АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өткен бейсенбі күні Қазалы ауданына сапары кезінде Әйтеке би кентіндегі 600 орындық мәдениет үйінің ашылу рәсіміне қатысып, тұрғындарды құттықтады. Іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары: Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев қатысты.

«Қазалы ауданы – қазақ өнері мен мәдениетінің көрнекті тұлғалары дүниеге келген, сабақтастықтың алтын тіні үзілмеген, ел-халықтың ықыласына бөленген таланттарға бай өлке. Осы жылы ауданда ауқымды жұмыстар атқарылады. Бүгін Қазалыда 250 орындық жаңа мектепті пайдалануға бердік. «Кәукей» ауылында 100 орындық ауылдық клуб салынуда. «Майдакөл» аулында да жақын күндері клуб құрылысы басталады. Бекарыстан би, Қожабақы ауылдары мен Әйтеке би кентінде спорт кешені бой көтереді. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға арналған 22 тұрғын үй табысталады. Өзге де ауқымды жоспарларымыз бар», – деді аймақ басшысы.



Іс-шарада ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ергешбаев қазалылықтарды жаңа мәдениет ошағының ашылуымен құттықтап, «РЗА» АҚ президенті Самұрат Имандосов бата берді.

Мәдениет үйінің ашылу рәсімінде өңірдегі қоғамдық бастамаларға үн қосып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан тұрғындарға, өнерпаздар мен спортшыларға құрмет көрсетілді.

Әрі қарай іс-шараға қатысушылар жаңа ғимаратты аралап, аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасын тамашалады.

Айта кетейік, өткен жылы облыста 150 орындық төрт клуб жаңадан салынып пайдалануға берілді. Қызылорда қаласында отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүрді дәріптейтін «Анаға тағзым», «Отбасы» орталықтары қызметін бастады.

Биылға да өңірдің мәдениет пен спорт саласында ауқымды жобалар жоспарланған. Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін Орталық стадион және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Келесі жылы нысандар ел игілігіне табысталады. Жақын арада «Самұрық қазына трест» қорымен бірге құны 2,7 млрд теңге болатын үстел теннисі орталығының құрылысы басталмақ. Биыл облыс бойынша 4,8 млрд теңгеге 6 спорт кешені мен 4 ауылдық клуб құрылысы қолға алынады. Құны 3 млрд 700 млн теңгені құрайтын 1000 орындық Өнер орталығы жақын күндері ашылады.

Сондай-ақ, жуырда барлық аудандарда музей, кітапхана, архив, неке қию залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтарын біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталықтарының құрылысы басталмақ. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында Қызылорда қаласында «Шығармашылық академиясы» салынады.

ЖАҢА МЕКТЕП ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде аудан орталығы - Әйтеке би кентіндегі 250 орындық мектептің ашылу рәсімінде тұрғындарды құттықтады. Іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары: Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев

қатысты.

Аймақ басшысы өскелең ұрпақтың жайлы мектептерде білім алуы, қосымша білім беру ұйымдарында қабілетін шыңдауы үшін алда атқарылатын жұмыстарды атап өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасымен жас ұрпақтың игілігі жолындағы шаруаларға баса

мән берілетініне тоқталды.

«Президент бастамасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 21 мектеп салынды. Былтыр 10 мектептің құрылысы басталды. Биыл тағы 11 мектептің іргетасы қаланады. Оның бірі Қазалы ауданының Жанқожа батыр аулында бой көтерсе, жақын күндері Әйтеке би кентінде тағы бір мектептің құрылысы басталады. Қызылорда қаласында құны 7 млрд. 900 млн. теңгені құрайтын физика-математика бағытындағы 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернат құрылысы қарқынды жүргізілуде. Осы аптада Жаңақорған кентінде 300 орындық жаңа мектеп пайдалануға беріледі. Жаңақорған және Шиелі аудандарында Оқушылар үйі мен Өнер мектептері бой көтереді. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығынан «Шығармашылық академиясы» салынады.

Топырағына ұлы тұлғалардың кіндік қаны тамған Қазалы

ауданының өңір тарихындағы орны ерекше. Есімдері алты Алашқа белгілі Жанқожа батыр, күллі Шығыс жастарына жетекшілік еткен Ғани Мұратбаев, жезтаңдай әншілер Роза Бағланова, Мәдина Ералиевадай даңқты дарындардан кенде емес. Алдағы уақытта осы білім ошағынан жерлес аға-әпкелеріндей білімді, талантты шәкірттер шығатынына сеніміміз мол», – деді аймақ басшысы.

Салтанатты іс-шарада ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенев қазалылықтарды жаңа білім ошағының ашылуымен құттықтап, сала ардагері Серік Қуанышбай бата берді.

Ашылу рәсімінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан кент тұрғындары марапатталды.

Іс-шара соңында қонақтар мектеп ғимаратындағы асхана, спорт залы, акт залы, кітапхана жұмысымен танысып, математика, тарих кабинеттерін аралап көрді.

**Қызылорда облысы әкімінің
баспасөз қызметі**

ОБЛЫС ӘКІМІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес Қазалы ауданының Жалаңтөс батыр, Қ.Пірімов және Басықара ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесті. Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары: Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев қатысты.

Мемлекет басшысының бұл тапсырмасы көптеген мәселеге қозғау салып, қалың ел тарапынан қолдау тапты. Мұндай кездесулерде мәселелер ашық талқыға салынып, алдағы бағыт белгіленеді, осыған сай жұмыс жүйесі құрылады. Халықтың әлеуметтік түйткілдер туралы ұсыныстары, талап-тілектері ескеріледі. Азаматтық қоғам қалыптастырудың алғышарттары осындай іс-әрекеттерден бастау алады.

Аймақ басшысы кездесуде өткен жылдың қорытындылары, жетістіктері туралы қысқаша



баяндады, содан соң тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

«Өткен жылы атқарылған жұмыс аз емес, жаңа басталған жылға арналған жоспарымыз былтырғыдан да ауқымды. Алдымызға бастамаларымыз-

ды әрі қарай жалғастырып, соңына дейін жеткізу, жаңа жобаларды жүзеге асыру міндеті қойылған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы қазан айындағы арнайы жұмыс сапары кезінде өңірде атқарылған жұмыстармен танысып, оң бағасын бергенін білесіздер. Сол сапарда Президент облыстың инфрақұрылымын дамытуға қатысты тарихи шешімдер қабылдады. Сол шешімдердің игілігін халық көруі үшін қыруар тірлік атқарылуы тиіс.

Аймақта экономиканың барлық негізгі көрсеткіштерінде өсім бар. Өңірлер арасында тамыз айынан бері үздіктер

салық түсімдерін арттырып, жаңа өндіріс орындарын ашу арқылы бюджетті 700 млрд теңгеден асырамыз. Бұған резервтеріміз бар. Соңғы жылдары аймағымыз қарқынды құрылыс алаңына айналып, республика бойынша алдыңғы қатардамыз. 2023 жылы 177 жобаны жүзеге асыруға 87,1 млрд теңге бөлініп, 2022 жылмен салыстырғанда 3,5 есе артты. Биыл 110 құрылыс нысанын салуға 94,5 млрд теңге бөлінді. Қаражат жыл аяғына дейін едәуір көбейеді. Бұл қаржы өңірдің сан саласындағы мәселелерді шешуге бағытталмақ», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Кездесуде ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайын Дәуіт бата берді. Сондай-ақ, ардагерлер мен ауыл азаматтарына марапат тапсырылды.

Айта кетейік, биыл Қазалы ауданының Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев елді мекендеріне газ құбырын тарту басталады. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында көпбейінді орталық ауруханаға қосымша ғимарат салынбақ. «Кәукей» аулында 100 орындық ауылдық клуб құрылысы жүруде. Жақын күндері «Майдакөл» аулында

да клуб салу қолға алынады. Бекарыстан би, Қожабақы ауылдары мен Әйтеке би кентінде жаңа спорт кешені бой көтереді.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

БІЛІКТІ ДӘРІГЕР ЛӘЗЗАТ



Кез-келген адам алдында не күтіп тұрғанын білмейді. Денсаулығым мықты деп жүрген мен аяқ астынан ауырып қалдым. Жедел жәрдеммен аудандық көпбейінді ауруханаға жеткізілдім. Кардиология бөлімінің меңгерушісі, дәрігер Ләззат Серікқызы Жұбанова дәрігерлік тексерулерден өткізіп, палатаға жатқызып

ем жасады. «Өкпе гипертензиясы» деп диагноз қойды. Режимді сақтауды мұқият ескертті. Аурудан айығып үйіме оралдым. Өткен жылдың шілде айында есімнен айырылып, қайта ауруханаға түстім. Емделіп болған соң Ләззаттың жолдамасымен облыстық медицина орталығына барып тексерілдім. Ләззат сіңілімнің қойған диагнозы дәл шықты. Өзімде таң қалдым. Әуелі Алла шығар, содан кейін білімді, білікті, ізденімпаз дәрігер Ләззат Серікқызының арқасында отбасына қуанышпен оралдым. Ем алып жүріп байқағаным

ұзын бойлы, аққұба өңді, жүзінен мейірім төгіліп тұратын Ләззат Жұбанова ауруханаға емделуге келген сырқаттардың бәріне қалтқысыз медициналық ем жасап, олардың көңіл ауанын аңдауға әбден дағдыланған екен. Осындай елгезек ақ халатты абзал жанға риясыз көңілден алғыстық сезіміңді білдіргің кеп тұрады.

Ләззат сіңіліме қызметінде абырой иеленіп, мәртебең өсе берсін деген тілегімді айтамын.

Гүлнәр ТАЛҚАМБАЕВА, Әйтеке би кентінің тұрғыны

ШӘКІРТ ЖЕҢІСІ – ҰСТАЗ БАҚЫТЫ



Қазалы аграрлы – техникалық колледжінде жыл қортындысына арналған мерекелік шара өткізілді.

Шарада «WorldSkills Kazakhstan 2023» кәсіби шеберліктің VIII республикалық чемпионатында «Графикалық дизайн» құзіреттілігі бойынша «Үздік маман» медальонын иеленген Әбілбай Олжабек Асқарбекұлына колледж директоры Мусаев Арман Қонысбайұлы шынайы алғысын білдіріп, Олжабек пен анасы Сарқыт Жеңсікбайқызына құрмет көрсетті.

WorldSkills шеберлік байқауын насихаттау мақсатында Олжабектің жетістігі колледж студенттеріне паш етілді. Яғни, дүбірлі додаға қатысқан Олжабектің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «үздік маман» медальоны мен

Алғыс хатына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «WorldSkills Kazakhstan 2023» кәсіби шеберліктің VIII республикалық чемпионатында «Графикалық дизайн» құзіреттілігі бойынша алған сертификатына, Қызылорда облысының білім басқармасы мен Қазалы аграрлы – техникалық колледжі әкімшілігінің Алғыс хатына ие болғандығы атап өтілді.

Ал Олжабектей шәкіртті республикалық дәрежедегі байқауға дайындаған арнайы пән оқытушысы, жас маман Әнәпия Айжан Бүркітбайқызы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Talar» KEAҚ «WorldSkills Kazakhstan 2023» кәсіби шеберліктің VIII республикалық чемпионатында «Графикалық дизайн» құзіреттілігі бойынша сарапшы сертификатымен,

Қызылорда облысының білім басқармасының Алғыс хатына ие болып, Қызылорда облысы білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының жолдамасымен Алматы қаласындағы "Әл-Фараби" шипажайына жолдама алды. Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің «Жылдың үздік арнайы пән оқытушысы» номинациясы мен колледж кәсіподағы ұйымы жиналысының хаттамасымен базалық жалақы мөлшерінің 2 еселенген сыйақысына ие болды.

Жас маман, өз саласының білгірі Айжан Бүркітбайқызы колледж мақтанышы.

Шәрбану БАЕКЕЕВА,
Қазалы аграрлы – техникалық колледжі директорының оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары,
Қазалы қаласы

МАЙДАНГЕРДІ ЕСКЕ АЛДЫ

«Шәкен» ауылдық округі ауылдық клуб қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысының ардагері, марқұм Алмахов Әбжәми ақсақалды еске алуға арналған «Жеңісті жақындатқан майдангер» атты мәдени-тағылымдық кеш өткізілді. Кешке қатысушылар алдымен ауыл орталығындағы тағзым алаңына гүл шоғын қойып, «Шәкен» аулынан соғысқа аттанып майдан даласынан қайтпай қалған және елге аман оралып, бұл күндері өмірден өткен майдангерлерге құран бағыштады.

Мәдени кеш ауылдық клубта жалғасын тапты. Кеште майдангер Әбжәми Алмаховтың інісі, Ұлы Отан соғысының ардагері Жайлыбай ақсақал, балалары: Олжа-

бек, Молдабай, Оңғар, келіні Бақыткүл, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ә.Үмбетов соғыс және еңбек ардагері Алмахов Әбжәми ақсақал туралы тағылымды естеліктермен бөлісті.

Басқоуда «Шәкен» ауылдық округінің әкімі Б.Сәрсенбаев мәдени-тағылымдық кешке қатысқан ауыл тұрғындарымен майдангердің жақын-жуықтарына алғысын жеткізді.

Кеш соңы «Шәкен» ауылдық клубы өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

Соғыс және еңбек ардагері Алмахов Әбжәми ақсақалдың шаңырағында марқұмның рухына құран бағышталып, ас берілді.

Әлімжан ҚИЯС,
«Шәкен» аулы

ӨМІР ЖЫРЛАРЫ

Асылбек Айгелдиев Әйтеке би кентінің бұрынғы тұрғыны. «РЗА» акционерлік қоғамында дәнекерлеуші болып істейтін азамат 49 жасқа қараған шағында кенеттен дүниеден өтті. Елгезек азамат жұмыстан бос кезінде өлең жазумен айналысқан екен. Оның бір топ өлеңдерін әкесі, ақын Мақсұт Айгелдиев редакцияға алып келді. Марқұмның рухы риза болсын деп бір топ өлеңдерін газетке жариялап отырмыз.

Редакциядан

Той

Міне, бүгін жеткендей төбем көкке,
Ей Алла беделімді төмендетпе.
Алға қарай аяғым баса берші,
Жүрегім ақындардай өлеңдетте.
Жеткіздің талай белес асуларға,
Той болып таласыңдар шашуларға.
Ағайын құда-жекжат қолдап тұрса,
Біз алмас, қол жетпейтін асу бар ма.
Қолдадың нағашы, дос, бауырларым,
Күш қуат Алла берсін ауырмағын.
Көршілер сіздерге де бақ тілеймін,
Жаусын деп Алла нұры ауылға мың.
Көңілім сіздер үшін таза мына,
Той қылдың Қазыналы Қазалыда.
Бәріне рахмет деп басымды идім,
Бір Алла нұр сыйласын ажарыңа.

Өмір жайлы

Толқимын менде толқынға қарсы жүзгендей,
Жүруші едім талай жандарды көзге ілмей.
Сол уақыт қайда, он алты мен жиырма бес,
Қол бұлғап кетті келсеңші қайтып өзгермей.
Балдәурен қайда, нұрланып гүлге бөленген,
Бақытым үшін күресіп менде келемін.
Қаншама қиын болса да өмір өткелі,
Бақытым таймай тұрса деп жүрмін төбемнен.
Күлімдеп жүріп қырыққа келіп қалдым ба?
Жас буын әне аға деп тұр ғой алдымда.
Олда бір сыйы өмірдің маған тартылған,
Көрейін менде өмірдің жүгін нардыңда.
Қырықтан асып елуге қарай беттермін,
Ақ түсер шашқа ақ қанатындай кептердің.
Сый қылып маған аталыққа жеткізсе,
Демеймін Алла қуанышыңды көп бердің.
Көреміз берсе алпыс пен жетпіс, сексеннің,
Жұлдызым жанып жалындап тұрса кештерім.
Жар аман болсын жалғызым боп жаралған,
Дем берген әркез өмірдің есіп ескегін.
Әр таңмен бірге нұрланып кірсін шырайың,
Көңілді болсын бір айдан кейін бір айың.
Жылжыған күндер жаныма бақыт сыйласын,
Той қылсын әркез қуанышпенен құдайым.

Қыста

Даладағы ақ қырау қыс тамаша,
Ауа таза өзгерген бұл жаңаша.
Қыстың көркі бәрінде қуантады,
Аталар мен әжелер мәз балаша.
Балалар жүр қар үстінде ойнақтаған,
Қыстың көркін менде солай ойлағам.
Мініп алып шанасына балалар,
Биіктерден төмен қарай зырғыған.
Қар жауады далама бір тынбастан,
Маужырап бір қарағандай түнгі аспан.
Қандай қызық жаңа жауған қарларың,
Таңырқап бір тілсіз ғана сырласқан.

Ойлану

Өмір өтер, өмір өтер басымнан,
Жаман болсам достар кетер қасымнан.
Жақсылықтың арқасы ғой бәрі де,
Әкем маған үйрететін жасымнан.
Адам өлсе келмеске ғой кетеді,
Қалай жазсам сөзім менің жетеді.
Кейбір жандар ұзақ өмір сүргенмен,
Берекесіз дым бітірмей кетеді.

Асылбек АЙГЕЛДИЕВ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ заңдарда көзделген және белгіленген, тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекеттік саясаттың ба-сым бағыттарының бірі. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар жауапкершілікті талап етеді. Ал ең бастысы адамды адамгершілікке тәрбиелейді.

Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға бай-ланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімінің
бастығы, азаматтық қорғау
подполковнигі

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Ежелден судың қадір қасиетін түсініп, құрмет тұтып келген халықпыз. «Судың да сұрауы бар», «Су - тіршілік нәрі», «Су бергеннің сауабы бар, су төккеннің жауабы бар», - депте бекер айт-паса керек.

Қазалы ауданы халқын таза ауыз су-мен қамтамасыз етіп отырған бірден бір мекеме – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдалану-шы» Қазалы өндірістік бөлімшесі. Бөлімше Әйтеке би кентін, Қазалы қаласын және 23 елді мекенді ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз етеді. Осыншама аймақты таза ауыз су-мен қамту үшін 298,197 шақырым магистральді су құбыры, 750 дана көру құдықтары және Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы, елді мекендер-де жалпы ұзындығы 869,835 шақырым ішкі суқұбырлары жүргізіліп, 6114 дана көру құдығы орнатылған. Қазіргі таңда бөлімшеге 15 083 жеке тұлға мен 547 заңды тұлға абонент болып тіркеліп, ауыз суды тұтынуда. Сәйкесінше, Әйтеке би кентіндегі №1 на-сос бекетінен жазғы маусымда тәулігіне 12500 текше метр су таратылса, қысқы ма-

усымда тәулігіне 5500 текше метрге дейін су таратылып отыр. Судың негізгі көзі Арал ауданы, Қосаман елді мекенінен яғни, 236 шақырым қашықтықтан келетіндіктен, судың әрбір тамшысы қымбат. Сол үшін, суды үнемдеп пайда-лану әрбір азаматтың басты міндеті бо-луы тиіс. Дегенмен, ысырапшылдық орын алумен қатар кейде тұтынушылардың су есептегіш құралында бұрмалаушылықтардың анықталатыны қынжылтады.

Бөлімше су тарату қызметімен бірге, өз абоненттеріне ақылы қызмет көрсетеді. Оның ішінде, техникалық қызмет көрсету түрі тұтынушылар үшін өте тиімді. Себебі, құны жеке тұлғалар үшін 1900 теңге, заңды тұлғалар үшін 3079 теңге бо-латын келісім-шарт негізінде бөлімше ма-мандары аула ішіндегі сумен жабдықтау жүйесі бойындағы болмашы ақауларды жөндеуге, вентиль-дер мен крандарға ревизия жасау, су құбыры бойындағы көру құдықтарын та-залау, тағы басқа жұмыстарды атқарып, ақаудың алдын алады.

Бүгінде елді мекендер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде 99,0 пайыз абоненттер техникалық қызмет көрсету шарты-на төлем жасап, маман-дар қызметін пайда-ланса, Қазалы қаласы мен Әйтеке би кенті бойынша инспектор-бақылаушылар тұрғындармен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын қарқынды жүргізуде.

Құрметті аудан тұрғындары! Ішкі су құбырларына жоспар-лы жөндеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде, құбырлардағы су қысымын көтеруге мүмкіндік болып, қазіргі таңда 1,5 кг/с2 қысымға дейін көтеріліп су берілуде. Жоғарғы қысымда өз бетінше су құбырын жөндеудің арты, материалдық шығынға апаруы мүмкін. Сол себепті, техникалық қызмет көрсету үшін алдын ала төлем жа-сап, ақаулардың ал-дын алу мақсатында мамандардың қызметіне жүгініп, тиімді пайдалануға шақырамыз.

«Арал-Сарыбұлақ
топтық су құбырын
пайдаланушы»
Қазалы өндірістік
бөлімшесінің
әкімшілігі

**БОТУЛИЗМ АУРУЫНЫҢ
АЛДЫН АЛУ**

Ботулизм-ботулизм токсиндерімен ластанған тағамдарды пайдаланғаннан және жүйке жүйесінің ауыр зақымдалуымен сипатталатын тамақтан улану. Ботулизм қоздырғыштарының тұрақты ортасы- саңырауқұлақтарға, жаңа піскен жемістерге, көкөністерге, суға және тағы басқа түсетін топырақ. Ботулизм қоздырғышының көбеюінің міндетті шарты-оттегінің болмауы, ол герметикалық жабылған банкаларда, нашар ысталған шұжықтарда, кептірілген балықтарда пайда болуы мүмкін.

Қатты консистенциялы тамақ өнімдерінде токсиндер әрбір жерлерде жиналуы мүмкін, сондықтан тамақты пайдаланған кейбір адам-дар ауырып қалуы, ал бір бөлігі ауырмауы мүмкін. Консервілер ботулизм таяқшалары өсетін жақсы орта болып табылады.

Ботулизм таяқшалары шығаратын токсин әсер ету күші бойынша барлық басқа бактериялық уыттар мен химиялық улардан артық. Ол сыртқы ортаның әсеріне төзімді және 10-15 минут қайнаған кезде ғана жойылады.

Ботулизмнің инкубациялық кезеңі 6-8 сағат, бірақ 8-10 күнге дейін созылуы мүмкін. Көп жағдайда ботулизм күрт басталады. Бұлшықеттің ауруы, әлсіздік, бас айналу, бас ауруы, ауыздың құрғауы пайда болады. Бастапқы кезеңде жүрек айнуы, құсу, кейде іштің ауыруы мүмкін. Аурудың алғашқы екі күнінде көру қабілетінің бұзылуы пайда болады. Көздің алдындағы перде неме-се тор, көздің дірілдеуі, қабақтың түсуі, көздің қосарлануы. Дауыс әлсірейді, жұту және тыныс алу қиынға соғады. Аурудың ауыр жағдайында тыныс алудың айқын бұзылуы пайда болады. Ты-ныс алудың бұзылуы және тоқтауы – ботулизм-нен көз жұмудың жиі кездесетін себебі. Улануға қарсы сарысу тиімді емдеу құралы болып табы-лады.

Ботулизмнің негізгі алдын алу шаралары:

- саңырауқұлақтарды, етті, балықты, аскөкті консервілеуге болмайды;
- консервілеу үшін тек піскен жемістер мен көкөністерді пайдалану керек, бүлінген жемістерді консервілеуге болмайды;
- көкөніс пен жемістерді мұқият жуу керек;
- банка мен қақпақтарды зарарсыздандыру ережелерін және үйде өнімдерді термиялық өңдеу режимін қатаң сақтау қажет;
- үйдегі консервілер төмен температурада сақталуы тиіс, қақпағы көтерілген банкаларды міндетті түрде жою қажет;
- базарларда үйде дайындалып, консервіленген саңырауқұлақтар мен көкөністерді сатып алуға тыйым салынады.

Балалар ботулин уына әсіресе сезімтал болғандықтан, оларға алдын-ала термиялық өңдеуден өтпеген, үйде консервіленген тағамдарды беруге болмайды.

Ботулизмнің алғашқы белгілері білінген жағдайда дереу дәрігерге көріну қажет, бұл сіздің денсаулығыңыз бен өміріңізді сақтауға мүмкіндік береді!

Г.ОРАЗ,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
жетекші маман

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компью-термен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.